

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 мамырда № 36186 болып тіркелді.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 10-33) тармақшасына және 10-8- бабының 1 тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларына , "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің

2025 жылғы 30 мамырдағы

№ 187 Бұйрыққа

1-қосымша

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды беру, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру, тұрғын үй сертификаттарын беру және пайдалану тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) ақпараттық жүйенің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – ақпараттық жүйеге қол жеткізуді ұсынатын Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

2) алдын ала тұрғын үй заемы – шарттық соманы алғанға дейін негізгі борышты өтеу талабынсыз, тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында шарттық соманың шегінде салымшыға тұрғын үй құрылысы жинақ банкі беретін нысаналы заем, ол бойынша қалдық осы Заңға, банктің ішкі кредиттік саясатына және банктік заем шартының талаптарына сәйкес шарттық соманың есебінен өтеледі;

3) аралық тұрғын үй заемы – жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерін жинақтау талабымен тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында салымшыға тұрғын үй құрылысы жинақ банкі беретін нысаналы заем, ол бойынша қалдық осы Заңға,

банктің ішкі кредиттік саясатына және банктік заем шартының талаптарына сәйкес тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша шарттық соманың есебінен өтеледі;

4) бірыңғай республикалық электрондық база – Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

5) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс.

6) жесір әйелдер (тұл ер адамдар) – асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар тұлғалар;

7) заем бойынша сыйақы ставкасы (бұдан әрі - ставка) – тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне тиесілі ақшаның жылдық мөлшерін есептеуден негізгі борышқа проценттік қатынаста тұрғын үй құрылысы жинақ банкі берген заем үшін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы мен банк заемы туралы шарттар бойынша салымшы төлейтін проценттік ставка;

8) ипотекалық тұрғын үй қарызы – тұрғынжай салу не оны сатып алу және (немесе) жөндеу мақсатында берілетін ипотекалық банктік қарыз;

9) коммуналдық тұрғын үй қоры – тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі арнайы мемлекеттік мекемеге бекітілген, жергілікті атқарушы органдардың қарауындағы тұрғын үйлер;

10) көпбалалы отбасы – көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жалпы орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы немесе кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы;

11) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

12) қатысушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар, тұрғын үйге мұқтаж адамдар ретінде "Орталық тұрғын үйге қолжетімділік" электронды базасына тіркелгендер;

13) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар

мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғынжай, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғынжай).

Модульдік (мобильді) тұрғын үй деп арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұруына арналған және соған пайдаланылатын, жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара бөлімшелерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан объект түсініледі;

14) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасы – Заңда айқындалған тәртіппен ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

15) тұрғын үй сертификаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде және осы Заңға сәйкес тұрғынжай сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны;

16) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

17) Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі (бұдан – әрі Отбасы банк) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың 18) тармақшасы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тәртібі

1-параграф. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай беру тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды беру "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базада бірыңғай республикалық электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, табыс деңгейіне және тұрғынжайға мұқтаждарды есепке қою күніне байланысты автоматты түрде Отбасы банкінің ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Бөлінетін жыл шеңберінде коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайдың жалпы көлемінің кемінде жетпіс пайызы:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
- 2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлеріне;
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
- 4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;
- 5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;
- 6) жесір әйелдер (тұл ер адамдар);
- 7) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға;
- 8) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлардың немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлардың жалпы санының кемінде жиырма пайызы жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға бөлінеді.

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрғынжайға мұқтаждар есебінде болмаған жағдайда, не олар коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжаймен немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжаймен толық қамтамасыз етілген жағдайда, осы тармақта бекітілген олардың үлесі тұрғынжайға мұқтаж ретінде есепке қою күні мен табыс деңгейіне байланысты, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 7) тармақшасында көзделген адамдар арасында қайта бөлінеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайдың жалпы көлемінен қалған тұрғынжай үлесі осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға жатпайтын тұрғынжайға мұқтаж адамдарға беріледі.

6. Коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарға, қандастарға:

1) бірыңғай республикалық электрондық базада немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепке қою күні бойынша;

2) бірыңғай республикалық электрондық базаның немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының деректеріне сәйкес отбасы құрамында үш адамнан артық болған кезде отбасының соңғы 6 (алты) айдағы жиынтық табысымен отбасының әрбір мүшесіне ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 (екі) – көрсеткішінен аспайтын табыс немесе оның болмауы;

3) бірыңғай республикалық электрондық базаның немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының деректеріне сәйкес отбасы құрамында екі адамнан артық болмаған кезде екі адамнан тұратын отбасы құрамы соңғы 6 (алты) айдағы жиынтық табысымен отбасының әрбір мүшесіне ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,5 (үш жарым) – көрсеткішінен аспайтын табыс немесе оның болмауы;

4) бірыңғай республикалық электрондық базаның немесе "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының деректеріне сәйкес отбасы мүшелері болмаған кезде азаматтың соңғы 6 (алты) айдағы табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 5,5 (бес жарым) – көрсеткішінен аспайтын табыс немесе оның болмауы;

Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында алынған:

еңбекақы түрінде алынатын табыстар, атап айтқанда: еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, уақытпен төленетін, сондай-ақ сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар, сондай-ақ ақшалай нысандағы ынталандыру және өтемақы төлемдері (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес қызметкерлерге төленетін ақшалай сомаларды қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай берілген кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

8. Алып тасталды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Заңның 75 бабының нормаларына сәйкес келетін тұрғынжай болмаған жағдайда немесе тұрғынжайға мұқтаж адамдардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары коммуналдық тұрғын үй қорынан ұсынылған тұрғын үйден немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйден бас тартқан жағдайда, бұл тұрғын үй осы Қағиданың 6 және 8 тармақтарына сәйкес мұқтаж адамдардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға бөлінеді.

10. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды бөлуді Отбасы банкі осы қағидалардың талаптарын ескере отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік бюджет есебінен салынған және (немесе) сатып алынған коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған нысаналы мақсатына сәйкес үйлестіріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар ЭЦҚ арқылы Отбасы банкінің интернет-ресурсындағы жеке кабинетінен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан бөлінетін тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайды алуға келісу туралы өтінішке қол қояды.

Бес жұмыс күні ішінде келісім болмаған жағдайда коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай осы Қағидалардың талаптарына сәйкес бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға бөлінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Коммуналдық тұрғын үй қорынан бөлінетін тұрғынжайдан немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайдан бас тартылған жағдайда, мұқтаждардың есебінде ЭЦҚ арқылы тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар Отбасы банкінің интернет-ресурсындағы жеке кабинетінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бес жұмыс күн ішінде бас тарту туралы өтінішке қол қояды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-1. Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар коммуналдық тұрғын үй қорынан бөлінетін тұрғын жайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын жайды алуға келісім беру туралы өтінішке қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде www.orken.otbasybank.kz мекенжайы бойынша "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасының (бұдан әрі - Электрондық база) жеке кабинетінде тұрғын үй беру туралы шешім негізінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы органмен коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын жайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын жайды жалдау шартын (бұдан әрі - Жалдау шарты) жасасады.

Ескерту. 2-тарау 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-2. Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар Жалдау шартына қол қойғаннан кейін отбасының кәмелетке толған мүшелері (бар болса) Жалдау шартына Электрондық базада электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) арқылы 2 (екі) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Осы Қағидалардың 12-1, 12-2-тармақтарында белгіленген мерзімдер бұзылған жағдайда, коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжай немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжай тұрғынжайға мұқтаждардың бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған келесі Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға бөлінеді.

Ескерту. 2-тарау 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12-3. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар және олардың кәмелетке толған отбасы мүшелері (бар болса) Жалдау шартына қол қойғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жалдау шартында қамтылған толтырылған деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді және ЭЦҚ арқылы оған қол қояды не оған қол қоюдан бас тартады.

Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға Жалдау шартында дәйексіз деректер толтырылған жағдайда бас тартады.

Ескерту. 2-тарау 12-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-4. Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар Жалдау шартына өзгеріс енгізу үшін Электрондық базаның жеке кабинетінде Жалдау шартына өзгеріс енгізу негізін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жалдау шартын өзгертуге өтініш береді.

Ескерту. 2-тарау 12-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-5. Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастарының кәмелетке толған отбасы мүшелері (бар болса) ЭЦҚ арқылы Электрондық базада Заңның 92-бабына сәйкес 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жалдау шартын өзгертуге өтінішті келіседі.

Ескерту. 2-тарау 12-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-6. Жергілікті атқарушы орган Жалдау шартын өзгертуге өтініш келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жалдау шартына өзгеріс енгізу мақсатын растайтын ұсынылған құжаттарды қарайды.

Жалдау шартын өзгертуге өтінішті және Жалдау шартына өзгеріс енгізу негізін растайтын құжаттарды қарау қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы орган мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасы азаматының, қандастың жеке кабинетіне Жалдау шартына қол қойылған қосымша келісімді жолдайды;

2) дәлелді бас тарту шығарады.

Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар дұрыс емес деректерді толтырған не Жалдау шартына өзгеріс енгізу негізін растайтын құжаттар болмаған жағдайда, Жалдау шартына қосымша келісім жасасудан бас тартады.

Ескерту. 2-тарау 12-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру тәртібі

13. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру қатысушыларға кіріс деңгейіне және тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою күніне байланысты тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі арқылы іске асырылады.

14. Бөлінетін жыл шеңберінде коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайдың жалпы көлемінің кемінде жетпіс пайызы:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлеріне;

3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;

6) жесір әйелдер (тұл ер адамдар);

7) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға;

8) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлардың немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлардың жалпы санының кемінде жиырма пайызы жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға бөлінеді.

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрғынжайға мұқтаждар есебінде болмаған жағдайда, не олар коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжаймен немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжаймен толық қамтамасыз етілген жағдайда, осы тармақта бекітілген олардың үлесі тұрғынжайға мұқтаж ретінде есепке қою күні мен табыс деңгейіне байланысты, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 7) тармақшасында көзделген адамдар арасында қайта бөлінеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары беру бойынша тұрғынжайлардың жалпы көлемінен қалған тұрғынжай үлесі осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген тұлғаларға жатпайтын тұрғынжайға мұқтаж адамдарға беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Тұрғынжайды бөлу және тұрғынжай беру жөнінде шешім қабылдау процесі осы Қағидалардың 13, 14 жән 15-тармақтарының талаптарын ескере отырып, автоматты түрде Отбасы банкінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жүзеге асырылады.

17. Тұрғынжайға мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" бірыңғай республикалық электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаж азаматтардың есебінде тұрған жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша ұсынылатын тұрғынжайдан 2% (екі пайыз) және 5% (бес пайыз) ставкалары бойынша бос тұрғын үй болған кезде 5% (бес пайыз) және 7% (жеті пайыз) ставкалары бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша тұрғын үйдің пайдасына бас тартуға рұқсат етіледі.

1-бөлім. 2% (екі пайыз) ставкасы бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызы

18. Еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен соңғы 6 (алты) айда отбасылық жиынтық табысы отбасының әрбір мүшесіне 5 (бес) ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын, Заңның 74-бабы 1-тармағының 3-бөлігінде айқындалған бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар жылдық 2% (екі пайыз) ставкасы бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызының қатысушылары болып табылады.

Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында алынған мынадай табыс ескеріледі:

еңбекке ақы төлеу түрінде алынатын кірістер, атап айтқанда: еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, уақытына қарай, сондай-ақ сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар, сондай-ақ ақшалай нысандағы ынталандырушы және өтемақы төлемдері (қаржыландыру көзіне қарамастан, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыскерлерге төленетін ақшалай сомаларды қоса алғанда);

кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс.

19. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызын берген кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

20. Тұрғынжай бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждарды есепке қою күнінің бірінші кезектілік қағидаты бойынша бөлінеді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Тұрғын үйге мұқтаждарды бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепке қою күні сәйкес келген кезде іріктеу жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруге өтініш беру күні мен уақыты бойынша Отбасы банкінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

22. Жылдық 2% (екі пайыз) ставка бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру шарттары:

- 1) кредит беру мерзімі - 20 (жиырма) жылға дейін;
- 2) бастапқы жарна - қарыз сомасының кемінде 10% (он пайызы).

23. Бастапқы жарна немесе оның бір бөлігі осы Қағидалардың 3-параграфының талаптарына сәйкес тұрғын үй сертификатымен немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы қағидаларына сәйкес экономикалық ұтқырлық сертификатына сәйкес тұрғын үй сертификатымен жабылуы мүмкін. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген).

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-бөлім. 5% (бес пайыз) ставка бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызы

24. Жылдық 5% (бес пайыз) мөлшерлеме бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызының қатысушылары осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген табыс деңгейіне қойылатын талаптардан асатын соңғы 6 (алты) айдағы еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен түскен жиынтық отбасылық табысы бар бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар болып табылады.

Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында алынған:

еңбекақы түрінде алынатын, атап айтқанда: еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, уақытына қарай, сондай-ақ сыйлықақылар, қосымша төлемдер, үстемеақылар, сондай-ақ ақшалай нысандағы

ынталандыру және өтемақы төлемдері (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, сондай-ақ келісімдерге, еңбек ұжымдық шарттармен және жұмыс берушінің актілерімен);

кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызын берген кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

26. Тұрғын үй бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою күнінің бірінші кезектілігі қағидаты бойынша бөлінеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Тұрғын үйге мұқтаждарды бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепке қою күні сәйкес келген кезде іріктеу банктің Отбасы автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы өтініш беру күні мен уақыты бойынша жүзеге асырылады.

28. Жылдық 5% (бес пайыз) ставка бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру шарттары:

- 1) кредит беру мерзімі - 20 (жиырма) жылға дейін;
- 2) бастапқы жарна - қарыз сомасының кемінде 10% (он пайызы).

29. Бастапқы жарна немесе оның бір бөлігі осы Қағидалардың 3-параграфының талаптарына сәйкес тұрғын үй сертификатымен немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы қағидаларына сәйкес экономикалық ұтқырлық сертификатына сәйкес тұрғын үй сертификатымен жабылуы мүмкін. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген).

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-бөлім. 7% (жеті пайыз) ставка бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызы

30. Заңның 68-бабында айқындалған бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған, отбасының еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен жиынтық табысы бар Қазақстан Республикасының азаматтары жылдық 7% (жеті пайыз) ставка бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызының қатысушылары болып табылады.

Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында алынған:

еңбекақы түрінде алынатын, атап айтқанда: еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, уақытына қарай, сондай-ақ сыйлықақылар, қосымша төлемдер, үстемеақылар, сондай-ақ ақшалай нысандағы ынталандыру және өтемақы төлемдері (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, сондай-ақ келісімдерге, еңбек ұжымдық шарттармен және жұмыс берушінің актілерімен);

кәсіпкерлік қызметтен.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызын берген кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

32. Тұрғын үй бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою күнінің бірінші кезектілігі қағидаты бойынша бөлінеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

33-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Тұрғын үйге мұқтаждарды бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепке қою күні сәйкес келген кезде іріктеу банктің Отбасы автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы өтініш беру күні мен уақыты бойынша жүзеге асырылады.

34. Жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарызына қатысушылар 7% (жеті пайыз) ставкасы бойынша бастапқы нарықтағы, сондай-ақ көп қабатты тұрғын үйлерді қайта жаңарту шеңберінде пайдалануға берілген және 2 (екі) жылдан кешіктірмей пайдалануға берілген жеке кәсіпкерлер салған тұрғын үйді дербес таңдайды.

35. Моноқалаларда, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде қайталама тұрғын үй сатып алуға жол беріледі, бірақ қаржы жылында бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 30% -ынан (отыз пайызынан) аспайды.

36. Жылдық 7% (жеті пайыз) ставка бойынша жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру шарттары:

- 1) кредит беру мерзімі - 19 (он тоғыз) жылға дейін;
- 2) бастапқы жарна - қарыз сомасының кемінде 10% (он пайызы).

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Бастапқы жарна немесе оның бір бөлігі осы Қағидалардың 3-параграфының талаптарына сәйкес тұрғын үй сертификатымен немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы қағидаларына сәйкес экономикалық ұтқырлық сертификатына сәйкес тұрғын үй сертификатымен жабылуы мүмкін. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген).

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Тұрғын үй сертификаттарын беру және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

38. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе осы Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сертификаттарын береді.

39. Заңның 14-1-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін жергілікті өкілді органдар (мәслихаттар) айқындайды (бұдан әрі - Тізбе).

40. Мемлекеттік қызметті жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) тегін көрсетеді.

41. Тұрғын үй сертификаттары көрсетілетін қызметті алушыларға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде тұрғынжай сатып алған немесе Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алған кезде Тізбеге сәйкес өтеусіз және қайтарымсыз негізде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй сертификатын бір реттен артық алуына жол берілмейді.

42. Тұрғын үй сертификаты:

1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) онымен тұрақты бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының) табысы болмаған жағдайда;

2) көрсетілетін қызметті алушыда және (немесе) онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінде (жұбайы (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары) отбасының әрбір мүшесіне (зайыбына (жұбайына), кәмелетке толмаған балалардан, оның ішінде негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалардан аспайтын еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды есепке алмағанда), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары, олар кәмелетке толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен аспайтын соңғы 6 (алты) ай ішінде еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды қоспағанда) орташа табысы болған жағдайда беріледі.

43. Тұрғын үй сертификаттарын ұсыну кезде мүгедектігі бар балаларды күтіп-бағуды жүзеге асыратын адамдар алатын әлеуметтік төлемдер, зейнетақы төлемдері, білім беру ұйымдарында жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың кірісіне қосылмайды.

44. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті қаржы жылына тұрғын үй сертификаттарын берудің жоспарланған сомасын көздейді.

45. Көрсетілетін қызметті беруші веб-порталында:

1) тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі туралы жергілікті өкілді органның (мәслихаттың) шешімін;

2) тұрғын үй сертификаттарын беру туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді.

46. Тұрғын үй сертификаттарын беру үшін жергілікті бюджетте қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, веб-порталда тұрғын үй сертификаттарын беру тоқтатылғаны туралы хабарландыру жарияланады.

47. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесі) осы Қағиданың 4-қосымшасында көрсетілген.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

48-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭЦҚ-мен куәландырылған, мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді.

Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжаттардың, олардың табыстарының, жылжымайтын мүліктерінің, неке қию немесе бұзу туралы (2008 жылғы 1 маусымнан кейін), қайтыс болуы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), балалардың тууы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), құжаттар, өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі (сыртқы шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден отбасының барлық мүшелеріне беріледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері берген жағдайда, оларды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

49-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес олар бекітілген немесе өзгерген күннен бастап

үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

50-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Веб-портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері:

1) өтініш берушіден Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген өтініш берушінің құжаттары келіп түскен және ақпараттық жүйеде тіркелген күні олардың толықтығын, дұрыстығын және өтініш беруші мәртебесінің Тізбеге сәйкестігін тексереді;

2) 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді және өтініш берушінің веб-порталдағы "Жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй сертификатын беруді мақұлдау туралы шешімі бар, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген негіздер бойынша түрін, сомасын немесе дәлелді бас тартуды көрсете отырып хабарлама жібереді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында не қағаз жеткізгіште оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту 1 (бір) күн ішінде жіберіледі.

52. Көрсетілетін қызметті беруші оң хабарламамен бірге өтініш берушінің веб-порталдағы "жеке кабинетіне" тұрғын үй сертификатын беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) электрондық құжат түрінде жібереді, оған тараптар ЭЦҚ-мен 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Өтінім беруші белгіленген мерзімде Келісімге қол қоймаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Келісім жасасудан бас тартады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

53-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Тұрғын үй сертификатын ұсынған жағдайда Көрсетілетін қызметті беруші келісім жасалған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тұрғын үй сертификатының сомасын көрсетілетін қызметті алушының эскроу-шотына/жинақ шотына аудару үшін веб-порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін төлем шотын қалыптастырады.

54. Екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - ЕДБ) тұрғын үй сертификатының сомасы көрсетілетін қызметті алушының эскроу-шотына/жинақ шотына түскен жағдайда онымен ішкі тәртіпке сәйкес банктік қарыз шартын, ипотекалық шартты (кепіл шартын) жасасады.

55. Көрсетілетін қызметті алушы тұрғын үй сертификатын пайдалана отырып, ипотекалық тұрғын үй қарызын ресімдегеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші веб-портал арқылы банктік қарыз шартының және ипотекалық шарттың (кепіл шартының) көшірмелерін береді.

56. Тұрғын үй сертификатының сомасы эскроу-шотқа/жинақ шотына аударылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызы ресімделмеген жағдайда, қарыз беру туралы шешім қабылдаған ЕДБ соманы жергілікті бюджетке қайтаруды жүзеге асырады.

57. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде тұрғын үй сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу немесе Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін берілген тұрғын үй сертификаты, қала маңы аймақтарында тұрғын үй сатып алу жағдайларын қоспағанда, жергілікті атқарушы органның тиісті аумақтық бірлігі шегінде қолданылады Астана және Алматы қалаларының қала маңы аймақтарында тұрғынжай сатып алу жағдайларын қоспағанда, жергілікті атқарушы органның тиісті аумақтық бірлігі шегінде қолданылады.

1-бөлім. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

58. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданатын лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағымданатын лауазымды тұлға, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабы 5-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа пікірмен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамының уәжді ұстанымын ұсынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
қағидаларына
1- қосымша
Нысан
_____ азаматтан
(тегі, аты, әкесінің аты)
(бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру
нөмірі _____

Коммуналдық тұрғын үй қорынан бөлінетін тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайды алуға келісу туралы өтініш

Мен

_____ ,
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

коммуналдық тұрғын үй қорынан ___ бөлмелерден тұратын тұрғынжай алуға келісім

беремін _____

(берілетін тұрғын үйдің мекенжайы көрсетіледі)

___ қабатта, жалпы ауданы ___ шаршы метр.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" ___ " _____ 20 ___ жыл.

ЭЦҚ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
қағидаларына
2- қосымша
Нысан

_____ азаматтан
(тегі, аты, әкесінің аты)
(бар болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру
нөмірі _____

Бас тарту туралы өтініш

Мен _____ ,

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін ___ бөлмеден тұратын тұрғынжайдан бас тартамын

_____ ,
(берілетін тұрғынжайдың мекенжайы көрсетіледі)

___ қабатта, жалпы ауданы ___ шаршы метр, себебі

_____ ,
(берілетін тұрғын үйден бас тарту себебі көрсетіледі)

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" ___ " _____ 20 ___ жыл.

ЭЦҚ

Тұрғын үй жағдайларын

Тұрғынжайды жалдаудың үлгілік шарты

Облыс, " _____ " _____ қаласы _____ 20 ____ жыл

№ _____ шарт

Жалға беруші _____

(тұрғын үй беретін органның атауы)

_____ негізінде әрекет ететін _____

— атынан

(құрылтай құжаттары)

Жалға алушы азамат (ша) атынан _____

— (жалдаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке куәлігі/паспорты)

_____ (нөмірі, кім және қашан берді)

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын осы Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдау шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1-тарау. Шарттың мәні

1. Жалға беруші Жалдаушыға және оның отбасы мүшелеріне:

№	Отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туыстық дәрежесі

Мынадай мекенжайда орналасқан: _____

_____ бөлмеден тұратын, пайдалы алаңы, _____ шаршы метр, оның ішінде тұрғын

алаңы _____ шаршы метр, тұрғын емес алаңы _____ шаршы метр тұрғынжайды жалға (қосымша жалға) береді, оның сипаттамасы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тұрғынжайды қабылдау-беру актісінде көрсетілген.

2-тарау. Есеп айырысуды жүргізу тәртібі

2. Тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлем айына _____ теңгені құрайды. Төлем мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны

үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7163) болып тіркелген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлем шоттарын Жалға беруші Жалға алушыға береді.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемді жалдаушы тиісінше республикалық немесе жергілікті бюджетке аударады.

3. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды төлеуді Жалға алушы кондоминиум объектісін басқару органының не тұрғын үй (тұрғын ғимарат) иесінің шоттары бойынша жүргізеді.

4. Жеке шарт бойынша Жалға алушыға көрсетілетін коммуналдық және өзге де қызметтер үшін төлемді тікелей қызмет көрсетуші жүзеге асырады.

5. Шарт бойынша бүкіл есеп айырысулар мынадай тәртіппен жүргізіледі

1) Жалға алушы (қосымша жалға алушы) осы Шартты жасасқан сәттен бастап он күнтізбелік күн ішінде тұратын алғашқы айға толық көлемде алдын ала төлем жасайды;

2) одан кейінгі төлемді Жалға алушы есептесу кезеңінен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей жүргізеді. Төлем мерзімдері сақталмаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күнге төлем сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

6. Шарт бойынша бір айдан артық ақы төленбеген жағдайда Жалға беруші соттың шығындардың орнын толтыра отырып, Жалға алушыдан төлемді мәжбүрлеп өндіріп алу туралы сотқа жүгінуге құқылы.

7. Жалға алушы тұрғын үйді, инженерлік желілерді және ортақ пайдаланылатын орындарды тұрғынжай, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) элементтерінің техникалық сипаттамасының нашарлауына, ақауына, бүлінуіне, қирауына алып келетіндей күтіп ұстамаған кезде Жалға беруші Жалға алушы өтеуге тиіс келтірілген зиян мөлшерін көрсете отырып, акт жасайды. Келтірілген зиянның көрсетілген мөлшерінің құнына Жалға алушы келісім берген кезде Тараптар актіге қол қояды. Жалға алушы өтеуге жататын келтірілген зиянның құнымен келіспеген жағдайда өндіріп алу сот тәртібінде жүргізіледі.

3-тарау. Тараптардың құқықтары

8. Жалға беруші:

1) Жалға алушының немесе Жалға алушы отбасының кәмелетке толған мүшесінің келісімі бойынша және қатысуымен берілген тұрғынжайдың тұрғын және қосымша үй-жайларының техникалық қондырғылары конструкцияларының жай-күйіне тексеру жүргізуге;

2) осы Шартты "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 103-бабының негізінде бұзуға;

3) Жалға алушыны және онымен бірге тұратын адамдарды Заңның 107, 108-баптарында көзделген негіздер бойынша басқа тұрғын үй берместен одан шығаруға;

4) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін уақытында және толық аударым жасауға бақылауды жүзеге асыруға;

5) тұрғын үйді мақсатты пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

9. Жалға алушы:

1) өзі және (немесе) өзінің отбасы мүшелері алты айдан артық мерзімде болмаған кезде Жалға берушіні бұл туралы жазбаша хабардар еткен және осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда тұрғын үйді пайдалану құқығын өзіне қалдыруға;

2) Жалға алушы уақытша болмайтын тұрғын үйде тұрып жатқан Жалға алушының отбасы мүшелері бұрынғы талаптар бойынша тұрғын үйді пайдалануға құқылы. Бұл ретте олар осы Шарт бойынша құқықтарды жүзеге асырады және міндетті болады;

3) қажет болған жағдайда, Жалға берушіден тексеру актісін жасай отырып, берілген тұрғын үйдің, оның ішінде конструкциялар мен техникалық құрылғылардың жай-күйіне жоспардан тыс тексеру жүргізуді талап етуге;

4) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін аванспен төлемдер жасауға құқылы.

4-тарау. Тараптардың міндеттері

10. Жалға беруші:

1) осы Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Жалға алушыға қабылдау-беру актісі бойынша белгіленген техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да міндетті талаптарға жауап беретін жай-күйдегі тұрғынжай беруге;

2) тұрғынжайға күрделі жөндеу жүргізуге;

3) Жалға алушы (оның талабы бойынша) тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге арналған тарифтермен және есептемелермен таныстыруға;

4) егер тұрғынжай не тұрғын үй (тұрғын ғимарат) Тараптарға байланысы жоқ мән-жайлардың әсерінен мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз жай-күйге, авариялық жай-күйге түссе немесе бұзылуға тиіс болса, Жалға беруші үш ай мерзім ішінде Жалға алушымен өзге тұрғын үй-жайды жалдау шартын жасасуға не Жалға алушының қалауы бойынша осы Шартты бұзуға;

5) авариялар болған және форс-мажорлық ахуал туындаған жағдайда, оларды жою үшін дереу барлық қажетті шараларды қабылдауға;

6) Жалға алушыға осы Шартта белгіленген тәртіпте тұрғынжайға иелік етуге және пайдалануға кедергі келтірмеуге;

7) осы Шарттың талаптары немесе тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлем мөлшері өзгерген жағдайда тұрғынжайды пайдаланғаны үшін кезекті төлем енгізуге отыз күнтізбелік күн қалғанда Жалға алушыға осы жағдайды хабарлауға;

8) тұрғынжайды пайдаланғаны үшін кезекті төлем енгізгенге кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей мерзімі өтіп кеткен төлемдер үшін өсімпұл және айыппұл есептелгені туралы Жалға алушыға хабарлауға міндетті.

10. Жалға алушы:

1) тұрғынжайды мақсатына сай пайдалануға;

2) тұрғынжайды техникалық жарамды және тиісті санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда күтіп-ұстауға;

3) тұрғынжайды, ортақ пайдаланылатын орындарды пайдаланудың қағидаларын, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін және үй маңындағы аумақты күтіп-ұстау қағидаларын, өртке қарсы және техникалық қауіпсіздік қағидаларын сақтауға;

4) жалға (қосымша жалға) берілген тұрғынжайдың суды, электр энергиясын, жылу энергиясын есептеу аспаптарының, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау жүйелерінің, басқа элементтерінің анықталған ақаулары туралы Жалға берушіге уақтылы хабарлауға;

5) тұрғынжайды қайта жаңартуды, қайта жоспарлауды және қайта жабдықтауды жүргізбеуге;

6) тұрып жатқан тұрғынжайды (пәтерді, бөлмені) басқа жалға алушылармен ауыстыруды жүргізбеуге;

7) осы Шарттың талаптарына сәйкес белгіленген мөлшерде тұрғынжайды пайдаланғаны және коммуналдық қызметтер үшін уақытында төлем енгізуге;

8) күндізгі уақытта, ал төтенше жағдайлар кезінде түнгі уақытта да тұрғынжайдың элементтерін қарауды және жөндеуді жүргізу үшін Жалға берушінің жұмысшылары мен тұрғынжайға қызмет көрсететін және жөндейтін кәсіпорынның өкілдерін кіргізуге;

9) Жалға берушіге Жалға алушының немесе онымен бірге тұрып жатқан адамдардың кінәсінен болған тұрғын жайдың, жалпы пайдаланылатын орындардың, тұрғын үй (тұрғын ғимарат) мен оның жабдықтарының бүлінуіне байланысты залалдарды өтеуге;

10) осы Шарт бойынша өз құқықтарын кепілге бермеуге;

11) осы Шартты бұзған немесе оның мерзімі өтіп кеткен кезде он күнтізбелік күн ішінде Тараптар қол қойған тұрғынжайды беру актісі бойынша Жалға берушіге тұрғынжайды қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

5-тарау. Жалдау шартын тоқтатудың негіздері, зардаптары және тәртібі

11. Осы Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша кемінде бір ай бұрын басқа Тарапқа жазбаша ескерте отырып, кез келген уақытта бұзылуы, тоқтатылуы мүмкін.

12. Осы Шарт мынадай:

1) Шарт мерзімінің аяқталған;

2) Заңның 107-бабына сәйкес осы Шарттың қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған;

3) Жалға алушы және оның отбасы мүшелері басқа жерге тұрғылықты мекенге кеткен жағдайларда өзінің қолданысын тоқтатады.

13. Осы Шарт тоқтатылған жағдайда, Заңның 103-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалға алушы және оның отбасының мүшелері басқа тұрғынжай берілместен, шығарылуға тиіс.

Заңның 105-бабындағы негіздер бойынша осы Шарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда Жалға алушы және оның отбасының мүшелері басқа тұрғынжай беріліп, шығарылуы мүмкін.

14. Жалға алушының жеке қаражатына жүргізілген жөндеу және үйдің конструкцияларына зиян келтірмей бөліп алынбайтын тұрғынжайды жақсарту Жалға берушіге тұрғын үймен бірге тапсырылады және Жалға берушінің тарапынан өтеуге жатпайды.

15. Осы Шартты тоқтату, бұзу кезінде екі Тарап өкілдерінің қатысуымен тұрғынжайды Жалға алушыдан Жалға берушіге тапсыру актісі жасалады.

5-тарау. Тұрғынжайды қабылдау-беру мерзімі және тәртібі

17. Жалға беруші осы Шартқа қол қойғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде Жалға алушыға тұрғынжайды қабылдау-беру актісі бойынша тапсырады.

18. Жалға алушы тұрғын үйді осы Шартты тоқтату, бұзу мерзімдері аяқталған кезден бастап он күнтізбелік күн ішінде Жалға берушіге Тараптар қол қойған тұрғынжайды тапсыру актісі бойынша тапсырады.

19. Тұрғынжайды қабылдау-беру актісі және тұрғынжайды тапсыру актісі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, онда тұрғынжайдың тиісті актіге қол қойған кездегі санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық жай-күйі мен басқа сипаттамалары тіркеледі.

8. Дауларды қарау тәртібі

20. Осы Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін Тараптардың арасындағы даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда сот тәртібінде шешіледі.

9. Қорытынды ережелер

21. Осы Шарт бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалады. Осы Шарттың бір данасы мемлекеттік мекеменің (мемлекеттік кәсіпорынның) әкімшілігінде сақталады, екіншісі жергілікті атқарушы органға беріліп, қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады, ал үшіншісі Жалға алушыға беріледі және мемлекеттік тұрғынжайға қоныстануға құқық беретін бірден-бір құжат болып табылады.

22. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жазылса және оларға Тараптар қол қойса, олар жарамды болады.

23. Осы Шарт 20 __ жылғы " __ " _____ бастап күшіне енеді және 20 __ жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

6-тарау. Тараптардың мекенжайы және деректемелері

Жалға беруші _____ _____ _____	Жалға алушы _____ _____ _____
Тараптардың қолдары Жалға беруші _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)	Жалға алушы _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Осы Шарттың талаптарымен таныстым:

Жалға алушының отбасы мүшелері:

№	Туыскандық дәрежесі	Жалға алушының және отбасының кәмелетке толған, іс-әрекетке қабілетті мүшелерінің аты-жөні

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау шараларын
іске асыру қағидаларына
3-1-қосымша
Азаматтан (азаматшадан)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

жеке сәйкестендіру нөмірі

Өтініш

Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 21.11.2025 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды Жалдау шартын өзгертуге өтініш

Мен, _____;

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

_____ байланысты

(Жалдау шартына өзгеріс енгізу себебі көрсетіледі)

20__ жылғы "___" _____ № _____ коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын жайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдау шартына (бұдан әрі - Жалдау шарты) өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды сұраймын;

Қосымшалар: 1. _____; 2. _____.

(Келісімді отбасының барлық кәмелетке толған мүшелері білдіреді)

Мен, _____,

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

20__ жылғы "___" _____ № _____ Жалдау шартына өзгерістер енгізуге келісемін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"___" _____ 20__ жыл.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
қағидаларына
4- қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.03.2026 № 79 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауын	Жок.
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
6		Түрін, сомасын көрсете отырып, тұрғын үй сертификатын беруді

	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	мақұлдау туралы шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) веб-портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) ЭЦҚ-мен куәландырылған осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш;</p> <p>2) Заңның 68-бабында айқындалған халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттарын қоспағанда жұмыс орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның мөлшері сомасы туралы мәліметтерді қамтитын өтініш берушіге тұрғынжай сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы ЕДБ-нің хатының электрондық көшірмесі.</p>

9	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжаттардың, олардың табыстарының, жылжымайтын мүліктерінің, неке қию немесе бұзу туралы (2008 жылғы 1 маусымнан кейін), қайтыс болуы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), балалардың тууы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), құжаттар, өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" шлюзі (сыртқы шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден отбасының барлық мүшелеріне беріледі.
10	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген

		<p>қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
11	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса), оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>3. Портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда алу субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір реттік парольдерді пайдалана алады.</p>

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 16.03.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
Қағидаларына
5- қосымша
Нысан

(республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың әкімі

тегі, аты-жөні

тегі, аты, әкесінің аты
бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

жұмыс орны, өтініш
берушінің лауазымы

тұратын мекенжайы

Өтініш

Сізден бастапқы тұрғынжайды меншігіме сатып алу құқығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама немесе "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін:

(сомасы цифрмен және жазбаша)

теңге мөлшерінде тұрғын үй сертификатын беруіңізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар боламын және дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

20__ жылғы "___" _____

Тұрғын үй жағдайларын
жақсартуға бағытталған
мемлекеттік қолдау
шараларын іске асыру
қағидаларына
6- қосымша
Нысан

Өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
Тұратын мекенжайы:

тел.: _____

(органның атауы)

келіп түскен өтініш пен ұсынылған құжаттарды қарап, Қазақстан Республикасы тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларына сәйкес және

(жергілікті өкілді орган бекіткен құжаттың атауын, нөмірін және күнін көрсету) _____

сәйкес _____

(сомасы цифрмен және жазбаша)

(_____)

теңге сомасына әлеуметтік көмек түрінде тұрғын үй сертификатын берудің мақұлданғанын хабарлайды.

Лауазымы Аты-жөні (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2025 жылғы 30 мамырдағы
№ 187 Бұйрыққа
2-қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді барабар бөлу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 304 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7163 болып тіркелген).

2. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді барабар бөлу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 304 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 258 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18619 болып тіркелген).

3. "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген)

4. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді барабар бөлу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 304 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 587 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19136 болып тіркелген).

5. "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 252 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20562 болып тіркелген).

6. "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 27 наурыздағы № 138 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22423 болып тіркелген).

7. "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 26 қарашадағы № 619 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25551 болып тіркелген).

8. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 106 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33748 болып тіркелген).

9. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі мен Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің 2024 жылғы 26 наурыздағы № 109 бұйрығының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34194 болып тіркелген).

10. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 106 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 3 мамырдағы № 161 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34338 болып тіркелген).

11. "Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 9 қыркүйектегі № 319 бұйрығының 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35047 болып тіркелген).

12. "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 9 қыркүйектегі № 320 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35046 болып тіркелген).

13. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 106 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 350 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35235 болып тіркелген).